

Инфрақұрылымдық алымдарды есептеу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 24 наурыздағы № 175 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 наурызда № 32121 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-78) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - КР Көлік министрінің 26.02.2025 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Инфрақұрылымдық алымдарды есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушы

И. Шархан

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау
және дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы
Индустрія және
инфрақұрылымдық
даму министрі
міндетін атқарушының

Инфрақұрылымдық алымдарды есептеу әдістемесі

Ескерту. Әдістеме жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Инфрақұрылымдық алымдарды есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-78) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Әдістеменің мақсаты әуежайдың инфрақұрылым объектілерін, жабдықтары мен техникалық құралдарын пайдаланған үшін әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушы жерде қызмет көрсету қызметтерін берушілер мен өз әуе кемелеріне, жолаушыларға, багажға, жүк пен поштаға өздігімен қызмет көрсететін авиакомпаниялардан алатын инфрақұрылымдық алымды есептеу тетігін айқындау болып табылады.

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 2 қазандағы № 750 бұйрығымен бекітілген Әуежайларда жерде қызмет көрсетуді жүзеге асыру қағидаларының 6, 7-қосымшаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19433 болып тіркелген) жерде қызмет көрсету қызметтерін беруші жерде өздігімен қызмет көрсететін авиакомпаниялар үшін қолжетімділігі ашық әуежай қызметінің құрамына кіретін жерде қызмет көрсету қызметтерінің тізбесі белгіленген.

Әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушы, жерде өздігімен қызмет көрсететін авиакомпаниядан мүлікті, оның ішінде әуежай инфрақұрылымының объектілерін, жабдықты және техникалық құралдарды пайдаланған үшін егер авиакомпания осы мүлікті пайдаланған үшін инфрақұрылымдық алым төлейтін болса, басқа төлемдер алмайды.

Инфрақұрылымдық алым жерде қызмет көрсету қызметтерін берушілер немесе жерде өздігімен қызмет көрсетуді жүзеге асыратын авиакомпаниялар пайдаланатын әуежайдың мүлкін пайдаланған үшін алынады.

Жерде өздігімен қызмет көрсетуді жүзеге асыратын авиакомпания әуежайды (әуеайлақты) пайдалануышының сұрау салуы бойынша басқа авиакомпанияларға жерде қызметтерін көрсеткен кезде, инфрақұрылымдық алым алынбайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Қолік министрінің 26.02.2025 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Әдістемеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) жерде қызмет көрсету қызметтерін беруші – әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушыны және өз әуе кемелеріне, жолаушыларға, багажға, жүктөр мен поштаға өздігімен қызмет көрсететін авиакомпанияны қоспағанда, әуежай (әуеайлақ) аумағында жерде қызмет көрсету қызметтерін көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

2) жерде өздігімен қызмет көрсету (өзіне-өзі қызмет көрсету) – авиакомпанияның үшінші тұлғалармен шарт жасаспай, өз мұқтажы үшін және/немесе дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы оған тиесілі авиакомпаниялардың әуе кемелеріне, жолаушыларына, багажға, жүктөр мен поштаға жерде қызмет көрсетудің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруы;

3) инфрақұрылым объектісі – әуежай қызметін көрсетуге, оның ішінде әуежай (әуеайлақ) аумағында жерде қызмет көрсету қызметтерін ұсынуға арналған әуежайдың мүлкі;

4) инфрақұрылымдық алым – әуежайдың инфрақұрылым объектілерін, жабдықтары мен техникалық құралдарын пайдаланғаны үшін әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушы жерде қызмет көрсету қызметтерін берушілерден және жерде өздігімен қызмет көрсетуді жүзеге асыратын авиакомпаниялардан алынатын алым.

Осы Әдістемеде пайдаланылатын өзге де терминдер мен ұғымдар Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тaraу. Әуежайдың инфрақұрылым объектілерін, жабдықтары мен техникалық құралдарын пайдаланғаны үшін әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушы алатын инфрақұрылымдық алымды есептеу тетігі

4. Әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушы инфрақұрылымдық алымды қалыптастыру кезінде оның шығын бөлігінде әуежайда ашық қолжетімділікке жерде қызмет көрсету қызметтерін және әуежайда шектеулі қолжетімділікке жерде қызмет көрсету қызметтерін көрсетуге (перрондық қызмет көрсету) кезінде жерде қызмет көрсету қызметтерін берушілер мен өз әуе кемелеріне, жолаушыларға, багажға, жүк пен поштаға өздігімен қызмет көрсететін авиакомпаниялар тікелей пайдаланатын инфрақұрылым объектілерінің шығыстары ескеріледі, оның ішінде:

1) материалдық шығындар;

2) жөндеу жұмыстарына (негізгі құралдар құнының ұлғаюына әкеліп соқпайтын ағымдағы және күрделі жөндеу) оларды жүргізу қажет болған жағдайда арналған шығыстар;

3) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбекақы төлеу жүйесінде көзделген еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен ұстемеақылар төлеуді қоса алғанда, әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушы персоналының еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар;

4) негізгі құралдар құнының ұлғаюына, инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға, әуежайда ашық қолжетімділікке жерде қызмет көрсету қызметтерін және әуежайда шектеулі қолжетімділікке жерде қызмет көрсету қызметтерін көрсетуде тікелей пайдаланылатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алуға (перрондық қызмет көрсету) әкеп соғатын күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге бағытталатын амортизациялық аударымдар;

5) қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы;

6) сақтандырудың міндettі түрлері, салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер;

7) бөгде ұйымдардың қызметтеріне (қаржылық есептіліктің міндettі аудиті, банктің қызметтері, байланыс қызметтері) шығыстар;

8) әуежайда ашық қолжетімділікке жерде қызмет көрсету қызметтерін және әуежайда шектеулі қолжетімділікке жерде қызмет көрсету қызметтерін көрсетуде (перрондық қызмет көрсету) қатысатын инфрақұрылым объектілерін салуға және реконструкциялауға инвестициаларды іске асыру үшін тартылған қарызың қаражаты бойынша сыйақы төлеуге арналған шығыстар.

5. Әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушы инфрақұрылымдық алымды қалыптастыру кезінде оның шығын бөлігінде әуежайда ашық қолжетімділікке жерде қызмет көрсету қызметтерін және әуежайда шектеулі қолжетімділікке жерде қызмет көрсету қызметтерін (перрондық қызмет көрсету) көрсетуге тікелей қатысы жоқ шығыстар есепке алынбайды, оның ішінде:

1) әуежайда ашық қолжетімділікке жерде қызмет көрсету қызметтерін және әуежайда шектеулі қолжетімділікке жерде қызмет көрсету қызметтерін көрсету (перрондық қызмет көрсету) кезінде пайдаланбайтын негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары;

2) ластаушы заттардың нормативтен тыс шығарындылары (тастандылары) үшін төлемдер;

3) ұмітсіз борыштар;

4) шаруашылық шарттардың талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы және санкциялардың басқа да түрлері, сот шығындары;

5) кірісті жасырғаны (төмендеткені) үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар;

6) ұрлықтан келген залалдар;

7) қызмет көрсетуші шаруашылықтар мен участекелер өндірісінде қолданысқа енгізілмеген активтерді күтіп-ұстау;

8) кәсіптік-техникалық училищелерді қоспағанда, денсаулық сақтау объектілерін, мектепке дейінгі балалар ұйымдарын, оқу орындарын күтіп-ұстau;

9) сауықтыру лагерлерін, мәдениет және спорт объектілерін, тұрғын үй қорын күтіп-ұстau;

10) ұйым қызметкерлері тұrғын үй жағдайларын жақсартуға, бақша үйлерін сатып алуға және үй шаруашылығын иеленуге алған пайызыз несиelerdі қоса алғанда, несиelerdі өтеу;

11) мәдени-ағарту, сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу;

12) бау-бақша серіктестіктерін абаттандыру (жол салу, энергиямен және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа да шығыстарды жүзеге асыру);

13) демеушілік көмек көрсету;

14) некеден болған шығындар;

15) өндірісті вахталық ұйымдастыруды қоспағанда, әуежайды (әуеайлақты) пайдалануышының персоналы үшін пәтерлерді, тұrғын үй-жайларды және құрылыштарды, жатақханалар мен қонақүйлердегі орындарды сатып алу, жалдау және күтіп-ұстau;

16) мерейтойлар күніне немесе жұмыскерлерге көтермелеге түрінде берілетін сыйлықтарды сатып алу;

17) нормативтен тыс техникалық және коммерциялық шығындарға, тауар-материалдық құндылықтардың бүлінуіне және жетіспеуіне, қоймалардағы қорларға және басқа да өнімсіз шығыстар;

18) жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақыға және ынталандырудың басқа да нысандары;

19) өндірістік қажеттілікке байланысты іс-шараларды қоспағанда, оқыту курстарын, семинарларды, тренингтерді, дәрістерді, көрмелерді, пікірталастарды, ғылым және өнер қайраткерлерімен кездесулерді, ғылыми-техникалық конференцияларды өткізуге және ұйымдастыру;

20) қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтарға мүшелік жарналарға;

21) білім беру ұйымдарында оқитын қызметкерлердің демалыстарын төлеу;

22) кәсіптік ауруларды оналтумен емдеуге байланысты шығындардан басқа, әуежайды (әуеайлақты) пайдалануышының қаражаты есебінен жұмыскерлер мен олардың балаларына емделуге, демалуға, экскурсияға жолдама төлеуге;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндетті сактандыру төлемдерін қоспағанда, сақтандыру төлемдері (әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушы өз жұмыскерлерінің пайdasына әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушы жасаған жеке және мүлікті сактандыру шарттары бойынша төлеп отыратын жарналар);

24) жұмыскерлерге қосымша берілген демалыстарға (заңнамада көзделгеннен тыс), оның ішінде бала тәрбиелеп отырган әйелдерге ақы төлеу, жұмыскердің отбасы мүшелеріне демалысты пайдаланатын жерге бару және қайту жолына ақы төлеу;

25) ұжымдық шартта айқындалған мақсаттарға кәсіптік одақтарға аударымдар.

6. Инфрақұрылымдық алымды өзгерту жылына бір реттен жиі емес жүзеге асырылады.

7. Инфрақұрылымдық алымды қалыптастыру әуежай қызметтерінің, тауарларының, жұмыстарының әрбір түрі бойынша кірістерді, шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алу негізінде жүзеге асырылады.

8. Әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушы әуежайдың инфрақұрылым объектілерін, жабдықтары мен техникалық құралдарын пайдаланғаны үшін алатын инфрақұрылымдық алым мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ID = (IC + AI) * \frac{V_{беруші}}{V_{барлығы}}, \text{ мұндағы:}$$

IC – қызмет көрсетуге тартылған әуежай инфрақұрылым объектілерін, жабдықтары мен техникалық құралдарын пайдаланғаны үшін бөлінген экономикалық негізделген шығындар, теңге;

AI – қызмет көрсету кезінде тартылған әуежай (әуеайлақ) пайдаланушысының инфрақұрылым объектілерін салуға және реконструкциялауға инвестициялар үлесі, теңге;

Vберуші – жерде қызмет көрсету қызметтерін беруші немесе жерде өздігімен қызмет көрсетуді жүзеге асыратын авиакомпания қызметінің жоспарланатын көлемі;

Vбарлығы – қызметтің жалпы жоспарланған көлемі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қолік министрінің 26.02.2025 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушы инфрақұрылым объектілерін салуға және реконструкциялауға инвестиацияларды жеке, қарыз қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырады.

Жеке қаражат көздері инфрақұрылымдық алымда көзделген амортизациялық аударымдар және пайда болып табылады. Қарыз қаражатын қайтару инфрақұрылымдық алымда көзделген амортизациялық аударымдар және пайда есебінен жүзеге асырылады.

Инфрақұрылымдық алымға енгізілетін шекті пайда қызмет көрсетуге қатысатын әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушы инфрақұрылымдық объектілерін салуға және реконструкциялауға жоспарланған инвестициаларды ескере отырып шектеледі.

Әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушы, инфрақұрылымдық алымды қалыптастыру рәсімдерінің ашықтығын, жариялыштықты, ақпараттандыруды, әуежайды (әуеайлақты)

пайдалануши мен жерде қызмет көрсету қызметтерін беруші, сондай-ақ жерде өздігімен қызмет көрсетуді жүзеге асыратын авиакомпания мұдделерінің теңгерімін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында, жыл сайын 1 тамыздан кешіктірмей жерде қызмет көрсету қызметтерін берушілерді және жерде өздігімен қызмет көрсетуді жүзеге асыратын авиакомпанияларды бекітілген инвестициялық жоспарға сәйкес, инфрақұрылымдық объектілерін салуға және реконструкциялауға салынған инвестициялар туралы хабарлайды және жоспарланған инвестициялар туралы талқылау өткізеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 26.02.2025 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК